

**Түлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 маусымдағы № 5/8-05 " Түлкібас ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 маусымдағы № 30/8-05 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 шілдеде № 2714 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 13/2-06 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 14.04.2017 № 13/2-06 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 "Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Түлкібас аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 маусымдағы № 5/8-05 " Түлкібас ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-14-172 тіркелген, 2012 жылғы 6 шілдеде "Шамшырақ" газетінде жарияланған) шешіміне өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Түлкібас ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

7 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"7. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажет құжаттарды берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, тұрғын үй көмегін тағайындау

немесе тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдап, өтініш берушіні хабардар етеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*М.Қошқаров*

*А.Сапаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК